



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Тергеуші — өз құзыреті шегінде қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген лауазымды адам: ішкі істер органдарының тергеушісі, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушісі және қаржы полициясы органдарының тергеушісі. Тергеуші қылмыстық іс қозғауға, ол бойынша алдын ала тергеу жүргізуге және осы Кодексте көзделген барлық тергеу қызметін орындауға құқылы.

Тергеуші істің жағдайын жан-жақты, толық және объективті зерттеуге барлық шараларды қолдануға, оның қылмыс жасағандығын көрсететін жеткілікті дәлелдер жиналған адамдарға қатысты айыпталушы ретінде тарту, айып тағу, осы Кодекске сәйкес оған жолын кесу шарасын тандап алу, айыптау қорытындысын жасау жолымен қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыруға міндетті.

Тергеуші алдын ала тергелуі міндетті істер бойынша анықтау органдарының осы Кодекстің 200-бабында көзделген кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін орындауын күтпей акті кез келген сәтте іс жүргізуге қабылдауға және оны тергеуге кірісуге құқылы.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды.

2. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу Кодексі 04.07.2014қабылданып 01.01.2015 заңды күшіне енген.

3. Конституция халыққа қызмет етеді. Конституция күніне арналған ҚР Президентінің баяндамасы. Егемен Қазақстан. 1996, 30 август.

4. Сарсенбаев Т.Е., Хан А.Л. Уголовный процесс: досудебное производства.

5. Якупов Р.Х. Уголовный процесс Москва. Издательство Зерцало-1999. 226-бет

ӘОЖ 340

АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдулла Арайлым Бахбергенқызы

Arailym-abdulla@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Құқықтану мамандығының 3 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ж.И. Ибрагимов

Қазіргі таңда ақпаратқа қол жетімділік ғаламдық мәселеге айналып отыр. Бұл мәселені қарастырмастан бұрын, ақпарат түсінігіне тоқталсақ. А.Б. Барихиннің Заң энциклопедиясына сәйкес, «ақпарат» дегеніміз ұсынылу нысанына қарамастан, адамдар, заттар, фактілер жағдайлар мен құбылыстар жайлы мәліметтер делінген[1].

Ақпарат әлемдегі орны күннен күнге өсетін, қоғамдағы тіршілікті қамтамасыз етуші құнды, әрі интеллектуалды ресурс. Ақпаратты еркін алу деп азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру үшін маңызды болып табылатын ақпараттарға ашық қолжетімділіктің болуы деп түсінеміз. Қоғамдағы ақпараттың рөлінің өсуі мемлекеттің дамуының дәрежесін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бап, 2-тармақшасына сәйкес, әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар.

Әлемнің дамушы елдері ақпараттық қоғамға өту мүддесінде жаңа технологиялар мен әдістерді қолданысқа енгізу үрдісін қызу жүргізіп отыр. Бұл жаңалықтарды қолдана отырып, жүзеге асыру азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асырудың, халықтың жағдайын жақсартудың және мемлекетті бәсекеге қабілеттілігін арттырудың бірден бір жолы ретінде саналады. Ақпараттық қол жетімділік арқасында мемлекеттік органдар халыққа қызмет көрсету функциясын өте тиімді тәсілмен жүзеге асыра алады. Әрине, бұл халықтың жоғарғы билік

органдарына деген сенімділігін арттырады және сыбайлас жемқорлықты алдын алуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2015 жылы 20 мамырда есеп беретін мемлекетті қалыптастыру, елдің одан әрі дамуына, тиімді экономикалық және саяси жүйе қалыптастыруға бағытталған Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамды қабылдаған болатын. Жоспардың 94-қадамына сәйкес 2015 жылы 16 қарашада «Ақпаратқа қол жеткізу» туралы заң қабылданды.

Ақпаратқа қол жеткізу туралы Заң бойынша қол жеткізуге шектеу қойылмайтын, қол жеткізу шектелген және жалпыға қолжетімді ақпарат деген үш түрі көрсетілген. Бұл Заң ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін алу және тарату жөніндегі әркімнің конституциялық құқығын іске асыру нәтижесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді. Талдау жүргізбестен бұрын, «ақпарат» түсінігіне тоқталсақ, ол дегеніміз – ақпарат иеленуші алған немесе жасаған, кез келген жеткізгішке түсірілген және оны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін деректемелері бар тұлғалар, заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар және процестер туралы мәліметтер[2].

Заңның 4 бабы бойынша ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету мынадай қағидаттарға негізделеді:

- 1) заңдылық;
- 2) ақпарат иеленушілер қызметінің ашықтығы мен айқындығы;
- 3) анықтығы мен толықтығы;
- 4) өзектілігі мен уақтылығы;
- 5) ақпаратқа тең қол жеткізу;
- 6) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды жария етпеу;
- 7) жеке өмірге, жеке басының және отбасының құпиясына қол сұқпау;
- 8) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 19 бабына сәйкес әр адам наным-сенім бостандығына және өз көзқарасын еркін білдіруіне құқығы бар; бұл құқық өз наным-сенімін кедергісіз ұстану еркіндігін және мемлекеттік шекаралар тәртібіне тәуелді болып қалмай, ақпараттар мен идеяларды еркін іздеп, кез-келген құралдар арқылы тарату бостандығын да қамтиды[3].

Ақпаратқа қол жеткізу Ашық үкімет құрумен байланысты. Оның мақсаты есеп беретін мемлекет қалыптастыру, азаматтардың мемлекетті басқарудағы құқықтары мен мүмкіндіктерін ұлғайтуда, парақорлықпен күресуде және мемлекеттік басқаруда жаңа технологияларды қолдануда тиімділікті арттыру болып табылады.

Ирландия мемлекетінің Үкіметі ақпараттың еркіндігі жайлы Акт(Акта о свободе информации (1997) – «Ең үздік үкіметті қамтамасыз ету» бағдарламасының негізгі ұсынымы болып табылатындығы жайлы қорытынды жасады. Бұл актіні қабылдағаннан кейін 5 жыл өткен соң бағалау есебі келесіге дәлел болып табылады: «Мемлекеттік қызметке ұзақ мерзімді және кең ауқымды оң әсер етті. Жоғарғы билік тармағының басқарушы қызметкерлері, Акт мемлекеттік тапсырыстың ашықтығын қамтамасыз етуде және қоғам алдындағы есеп берушілік сезімін дамытуда үлкен рөл атқаратындығын мойындады. 60% сауалнамаға жауап берушілердің нәтижесі де оған дәлел бола алады[4].

Қазақстан Республикасы ақпараттық қауіпсіздігінің 2016 жылға дейінгі тұжырымдамасы бойынша Қазақстан Республикасының ақпараттық саладағы негізгі ұлттық мүдделері:

- 1) азаматтардың ақпаратты алу және таратуға конституциялық құқықтарын іске асыру;
- 2) ақпараттық қоғамның қалыптасуы және дәйекті дамуы;
- 3) мемлекеттің әлемдік ақпарат алмасуға тең құқылы қатысуы;
- 4) елдің бірыңғай ұлттық ақпараттық кеңістігінің қалыптасуы, жұмыс істеуі және қорғалуы;
- 5) ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы;
- 6) мемлекеттік билік органдарын тиімді және уақтылы ақпараттық қамтамасыз ету;

7) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді, сондай-ақ өзге де қорғалатын ақпаратты жоғалту және жария ету фактілеріне жол бермеу;

8) өте маңызды ақпараттық жүйелердің, ресурстар мен қолдаушы инфрақұрылымның жұмыс істеу сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Қоғам мен мемлекетті ақпараттандыру процестерінің жедел дамуы, оның ішінде «электрондық үкіметті» озық дамыту нәтижесінде Қазақстан Республикасында ақпараттық қоғамды құру үшін басты алғышарттар қалыптасты. Мәселен, Біріккен Ұлттар Ұйымының 2010 жылғы электрондық үкімет технологияларын пайдалануға елдердің дайындығы рейтингінің деректеріне сәйкес Қазақстан 192 елдің ішінде 46-орынды (2008 жылы 81-орын) иеленді[5].

Қазіргі заманның дамуына орай, уақыт өткен сайын қоғам үшін ақпаратты қолдану, алу, сақтау, беру барысын реттеу мәселесі өте өзекті болып табылады. Қажетті ақпаратты мезгілінде алмаудың немесе жойылып кетуіне байланысты қабылданатын шешімдердің жеделдігі мен дұрыстығына, жалпы адамдардың тіршілік әрекетіне теріс әсер етеді. Замануи ақпараттық қоғамда мындаған ғасырлар бойы жиналған ақпараттардың қол жетімділік деңгейін бұрын соңды болмаған дәрежеге жеткізген жоғары технологиялар адамдардың өміріндегі ажырамас бөлігі деп қарастырсақ қателеспейміз. Әйтсе де, байланыстың жаңа әдістернің қалыптасуы адамзаттың жаңа даму сатысына өткенге дейін пайда болған қиыншылықтарды шешсе де, оның орнын басатын өзге сипаттағы мәселелерге әкеп соқтырды.

Сонымен, ақпаратты еркін пайдалану құқығы төмендегілерді шешуде маңызды:

- Үкімет, жергілікті органдар, сот және құқық қорғау органдарының ашықтығы мен есеп берушілігіне жағдай жасай отыра, мемлекеттік басқарудағы сапалылығы мен тиімділігіне оң және мультипликативті әсер етеді;

- Ел ішінде жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформаларды жүзеге асыру жолында күресу үшін мүмкіндік туғызады;

- Мемлекеттік басқарудың сапасы, бизнесті жүргізу үшін экономикалық жағдайды және сыбайлас жемқорлықты қабылдау мен демократиялық институттардың дамуын бағалайтын халықаралық рейтингтерде мемлекеттің позициясын нығайтады;

- Әрбір адамның азаматтық және саяси құқықтарын жүзеге асуына жағдай жасайды;

- Инвестициялық ахуал мен іскерлік белсенділікке әсер етеді;

- Мемлекеттегі азаматтық қоғамның дамуына жәрдемдеседі[6].

Коммуникация және ақпарат сұрақтары бойынша медиа-сарапшының Дмитро Котлярдың айтуынша жоғарыда аталған Заңның ең басты кемшілігі: «заңның күші ашық ақпараттарға ғана қолданылады, яғни қол жеткізу шектелген ақпараттар автоматты түрде әрекет ету өрісінен шығарылады. Бұл ең негізгі қағида қол жеткізу құқығына қайшы, нақтырақ ақпараттың ашықтығы презумпциясына қарама қайшы және заңның тиімділігін бұзады. Қол жетімділігі шектеулі ақпараттың құрамына мемлекеттік құпия, жеке және заңдарда көзделген өзге де құпиялармен қатар, қызметтік ақпарат жатқызылған. Алайда, жеке құпия мен қызметтік ақпаратқа не жататыны анықталмаған. Тәжірибеде кез келген тұлға қоғамдық мүддені қозғаса да, оны қол жеткізу шектелген ақпарат дей отыра оны жасыра ала алады. Тағы бір кемшілік, ақпаратқа қол жетімділікті қадағалайтын уәкілетті органның жоқтығы. Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссия тек консультативтік-кеңесші орган болғандықтан, оның тәуелсіздігі мен өкілеттіктеріне қатысты халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді[7].

Ақпаратты және идеяларды алу және таратудағы еркіндік мәселесі бірнеше рет адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сотының негізгі пәні болды. Судья өз шешімінде халықты ақпараттандырудағы баспасөздің құқықтарына кепілдік берумен қатар, қоғамның тиісті дәрежеде ақпаратқа ие болу құқығын, мемлекеттің жеке тұлғалар арасындағы ақпарат алмасуын шектемеу қажет екендігін ерекше көрсетті[8].

АҚШ Ұлттық Қауіпсіздік Агенттігінің экс қызметкері Эдвард Сноуден 2013 жылы Google, Facebook, Microsoft, Yahoo, Apple сияқты ғаламтордағы мықты деген интернет-компания өз тұтынушылары мен қолданушылары туралы толық ақпаратты АҚШ-тың барлау қызметтеріне беріп отырған деген мәліметті таратқан болатын. Оның айтуынша, 2007 жылдан бастап PRISM атты құпия бағдарлама арқылы АҚШ Ұлттық қауіпсіздік агенттігі сот шешімінсіз адамдардың

жеке бас құқықтарын бұза отырып, әлемдегі әрбір адам жайлы жеке ақпараттарға ие болу арқылы жұмыс істеген.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жыл сайынғы Президентке, қазақстандық және халықаралық жұртшылыққа берген Есебін талдау нәтижесінде, ақпараттар алу құқығының бұзылуы туралы өтініштердің 2014 жылы 3,8%-дан 2015 жылы 5,3%-ға дейін айтарлықтай өсуінің байқалғанын атап өтуге болады. 2015 жылы ақпарат алу құқығына жазбаша 58, ауызша 9 өтініш келіп түскен. Осы топтағы өтініштерде, атап айтқанда, жалақы, еңбек өтілі туралы, ФІ нысанындағы, некелік құқық қабілеттілігі, алименттер бойынша берешектер туралы анықтамалар алу мәселелері қозғалған. Сондай-ақ, өтініш берушілер Қазақстанда тұратын жақын туыстарын іздеуде көмек берулерін не болмаса олардың өмір сүру жағдайлары, заңнама нормаларын түсіндіру туралы ақпарат беруді сұраған. Осы топтағы өтініштердің көпшілігі оң шешімін тапты, өйткені өтініш берушілердің сұратқандарына құжаттар не ақпараттар жолданған. Осы санаттағы өтініштерді зерделеу нәтижесі тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж болған азаматтарды баспанамен қамту мәселелері назар аударуды қажет етеді. Уәкілдің қабылдауына келген азаматтар өздерінің өтініштерінде тұрғын үй бағдарламалары бойынша пәтер берудің тәртібі және баспана алуға олардың құқықтары туралы ақпаратты алу мен байланысты мәселелерді көтереді. Мән мәтінде баяндалғандай, уәкілетті мемлекеттік органдардың осы салада еліміздегі жүзеге асырылып жатқан тұрғын үй бағдарламасының тетіктері туралы ақпаратты қолжетімді түрде таратуда халық арасында

жүргізілетін түсіндірме жұмыстарын нығайту маңызды мәселе болып саналады[9].

Қорытындылай келе, ақпаратқа қол жетімділік қазіргі қоғамдағы демократияның, азаматтық қоғамның қалыптасуына ықпал етеді. Одан әрі дамуы үшін келесі мәселелерді қарастыру қажет:

- Мемлекеттік органдар тарапынан азаматтардың ақпаратқа қолжетімділік принципі заң шеңберінде толық жүзеге асырылуы тиіс.
- Жасөспірімдерге ақпараттардың сараланып, іріктеліп берілуі жөнді деп санаймыз.
- Қоғамға зиян келтіретін, құқықтық мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін ақпараттарға заңдық тұрғыдан шектеу қою.
- Заңнамадағы кейбір іргелі институттардың мән-мағынасын айқындап көрсету. Заң әлі толықтыруды қажет етеді және уәкілетті органның тағайындалуы міндетті деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі.

1. А.Б.Барихин. Большая юридическая энциклопедия. Москва. Книжный мир, 2010.
2. Ақпаратқа қол жеткізу туралы Қазақстан Республикасының Заң 2015 жылғы 16 қарашадағы №401-V-ҚРЗ. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401>
3. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы №217 А (III). 1948 жылы 10 желтоқсан. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>
4. Evaluation of the Progress of the Strategic Management Initiative / Delivering Better Government Modernisation Programme. 2002.
5. Қазақстан Республикасы ақпараттық қауіпсіздігінің 2016 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 14 қарашадағы №174 Жарлығы. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000174>
6. Диденко О. Обзор закона Республики Казахстан «О доступе к информации». Информационный бюллетень правовых реформ Республики Казахстан .Выпуск 4. URL: <http://www.zakon.kz/4767133-obzor-zakona-respubliki-kazakhstan-o.html>
7. SABAR, проект Института по освещению войны и мира. Плюсы и минусы Казахстанского закона «О доступе к информации»: экспертные оценки и мнения. URL: <http://tikazakhstan.org/plyusy-i-minusy-kazahstanskogo-zakona-o-dostupe-k-informatsii-ekspertnye-otsenki-i-mneniya/>
8. З.Г.Гаджиева. Конституционное право человека и гражданина на информацию о деятельности органов государственной власти и органов самоуправления. Монография. ООО «Прспект», 2015.